

**ASTANA**  
AQSHAMY

## **Атырау театры – Астанада**

**Астанада Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығына орай, Атырау облыстық Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрының 85 жылдық мерейтойы аясында аталмыш өнер ошағының гастролі өтіп жатыр. Алдымен атыраулық театр көрнекті жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері Рахымжан Отарбаевтың «Бейбарыс» әфсанасын (қоюшы режиссерлері -- Мұханғали Томанов, Жанат Телтаев) ұсынды.**

Қойылымды Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов арнайы келіп тамашалады. Оның айтуынша, Бейбарыс сұлтанның мерейтойы аясында Қазақстанда және шетелдерде бірқатар мәдени іс-шаралар өтеді. Соның ішінде қазақстандық әртістердің Египетке өнер сапары жоспарланған. Ал «Бейбарыс» спектаклін осы театрда кезінде белгілі актер, режиссер Чапай Зұлқаш сахналады. Арада біраз уақыт өткенде Мұханғали Томанов пен Жанат Телтаев шығарманы жаңаша жаңғыртты. Атырау театрында «Бейбарыстың» осы нұсқадағы премьерасы былтыр желтоқсан айында өтті.

Сонымен қатар Атырау театры Астанаға бірнеше классикалық спектакльді алып келді. Атап айтқанда, У.Шекспирдің «Ричард III» трагедиясын (қоюшы режиссері – Жанат Телтаев) және М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» комедиясын (қоюшы режиссері – Гүлназ Қамысбаева). Балаларға базарлық ретінде А.Галланның «Алладин» ертегісі ұсынылды. Гастроль бүгін Р.Отарбаевтың «Жалғыздық» шерімен аяқталады. Мұханғали Томанов қойған осы спектакльді астаналық «Жастар» театрының сахнасынан сағат 19.00-де тамашалауға болады. Бұл – кейінгі жылдары бірқатар театр фестивалінде топ жарған қойылым. Мәселен, Рахымжан Отарбаев атындағы III республикалық театр фестивалінде бас жүлдені иеленсе, Түркияның Антalia қаласында өткен «XI Antalya Uluslararası» атты түркі тілдес елдердің театр фестивалінде «Ең үздік спектакль» аталымын жеңіп алды.